**"Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға Факультативтік хаттаманың 24-бабында көзделген өз міндеттемелерін жүзеге асыруды кейінге қалдыруға қатысты Қазақстан Республикасының мәлімдемесіне қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 қарашадағы N 1828 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға Факультативтік хаттаманың 24-бабында көзделген өз міндеттемелерін жүзеге асыруды кейінге қалдыруға қатысты Қазақстан Республикасының мәлімдемесіне қол қою туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі К. Мәсімов*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға Факультативтік хаттаманың 24-бабында көзделген өз міндеттемелерін жүзеге асыруды кейінге қалдыруға қатысты Қазақстан Республикасының мәлімдемесіне қол қою туралы**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға Факультативтік хаттаманың 24-бабында көзделген өз міндеттемелерін жүзеге асыруды кейінге қалдыруға қатысты Қазақстан Республикасы мәлімдемесінің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрі Қанат Бекмырзаұлы Саудабаев Қазақстан Республикасының атынан Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға Факультативтік хаттаманың 24-бабында көзделген өз міндеттемелерін жүзеге асыруды кейінге қалдыруға қатысты Қазақстан Республикасының мәлімдемесіне қол қойсын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Біріккен Ұлттар Ұйымының

Бас хатшысына қол қойылған Мәлімдемені сақтауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы "__" ______ N ___ Жарлығымен мақұлданған

## Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға Факультативтік хаттаманың 24-бабында көзделген өз міндеттемелерін жүзеге асыруды кейінге қалдыруға қатысты Қазақстан Республикасының мәлімдемесі

Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға Факультативтік хаттаманың 24-бабының 1-тармағына сәйкес осымен Қазақстан Республикасы осы Факультативтік хаттаманың IV бөлігінде көзделген өз міндеттемелерін жүзеге асыруды кейінге қалдыру туралы мәлімдейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК